1.63 жастағы ер адам бөлінуі қиын шырышты-іріңді қақырықты жөтелге, күш түскенде күшейетін еңтігу, дене қызуы 38 °С дейін көтерілуіне шағымданады. Суықтағаннан кейін жедел ауырып қалды. Тәулігіне 20 темекі шегеді. Аускультация кезінде ұзартылған дем шығарумен әлсіреген тыныс фонында шашыраңқы құрғақ ызылдаған сырылдар, оң жақ жауырын астында ылғалды сырылдар естілді. Перкуторлы дыбыстың тұнықтануы сол жерде анықталады. Рентгенограммада оң жақ өкпенің төменгі бөлігінде 1-2 см өлшемді көптеген инфильтративті көлеңкелер анықталды. Лейкоциттер - 14 мың, ЭТЖ - 22 мм/сағ. ФДШК₁ (ОФВ) 58%. Төмендегі диагноздардың қайсысы ықтимал

A. СОӨА өршуі

B. СОӨА, орташа дәрежесі, өршу

C. СОӨА, ауыр дәрежесі өршу

D. Ошақты пневмония, орташа дәрежелі СОӨА

E. СОӨА орташа дәреже, бронхоэктаздар

2.Компьютерлік томографияда ара ұясы тәрізді өкпенің және «бұлыңғыр әйнек» типінің екі жақты өзгеріс тән:

A. Екі жақты пневмонияға

B. Милиарлы туберкулезге

C. Өкпе амилоидозына

D. Фиброзды альвеолитке

E. Өкпенің саркоидозы

3.Пневмония – бұл ауру ... зақымдануымен сипатталады.

A. бронхтардың шырышты қабатының

B. плевраның

C. өкпе тамырларының

D. диафрагманың

E. өкпенің респираторлы бөлігінің

4. Екіншілік деструктивті диффузды эмфизема ... асқынуы болып табылады.

A. бронх демікпесінің

B. созылмалы катаральді бронхиттің

C. созылмалы обструктивті бронхиттің

D. ошақты пневмонияның

E. созылмалы фиброздаушы альвеолиттің

5. Астматикалық статус кезіндегі "рикошет" синдромы бұл:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 23 беті

A. β-адренергиялық рецепторлардың функционалді блокадасы

B. α-2-адреностимуляторларды қолдану кезінде

C. дилатирленген бронхтарда тұтқыр қақырықтың жиналуы

D. капиллярлардан өкпелік тінге сұйықтың транссудациясы

E. көп мөлшердегі қақырықтың бөлінуі

6.М-холинолитиктерге жататын препараттар:

A. изадрин

B. сальбутамол

C. фликсотид (флутиказон)

D. атровент (ипратропиум)

E. серевент (сальметерол)

7. Науқаста кеуде кжастакасы қалыпты формада, көкірек аралық ығысулар жоқ, перкуссияда тұйық дыбыс, анық ылғалды сырылдар және анық крепитация. Хаттамаға сәйкес болжам диагнозы:

A. пневмоторакс

B. лобулярлы пневмония (бөліктік)

C. эмфизема

D. бронхоэктаздар

E. өкпе фиброзы

8.Хилезді экссудат келесі ауруға тән:

A. өкпе саркоидозына

B. созылмалы активті гепатитке

C. өкпе рагі (обыры)

D. өкпе артериясының тромбоэмболиясына

E. туберкулезге

9.41 жастағы ер кісі кеуде кжастакасының оң жағында тыныс алған кезде күшеетін ауырсынуға, дене температурасының 38 С-қа дейін көтерлуіне, жалпы әлсіздікке, тершендікке шағымданады. Ауырғанына 2 апта болды. Объективті: ТАЖ 26 рет минутына. Тыныс алғанда кеуде кжастакасының оң бөлігі қалыңқы, жауырынасты аймақта перкуторлы дыбыс тұйықталған және дауыс дірілі әлсіреген, сол жерде тыныс айқын әлсіреген. Жүрек шекарасы солға ығысқан. Пульс 100 рет минутына. Қан анализінде: лейкоциттер 11х100/л., таяқшайдролы 13%, лимфоциттер 43%, ЭТЖ 38 мм/сағ. Хаттамаға сәйкес болжам диагнозы:

A. ателектаз

B. пневмония

C. экссудативті плеврит

D. спонтанды пневмоторакс

E. өкпенің инфильтративті туберкулезі

10. 52 жастағы науқас тыныштықтағы еңтігуге, ұстамалы құрғақ жөтелге, жүрек қағуына, әлсіздікке, тәбетінің төмендеуіне шағымданады. Өзің жарты жылдай ауруымын деп санайды, 4 ай алдыңғы рентгенограммасында екі жақтан «пневмония» сияқты өзгерістер анықталған. Антибактериальды терапия нәтижесіз – температурасы жоғарлаған, еңтігу күшейген, 6 кг салмақ жоғалтқан. Объективті: жағдайы ауыр, еңтігу, акроцианоз. ТАЖ 28 рет минутына; аускультацияда әлсіреген тыныс және дөрекі крепитация («целлофан сықыры»). Қанда лейкоциттер 12х109/л, ЭТЖ 42 мм/сағ. Осындай жағдайда тиімді тағайындау:

A. изониазидты

B. ровамицинды

C. метотрексатты

D. преднизолонды

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 24 беті

- Е. ампициллинды
11. Мына науқастарға олигурия тән емес:
- Жоғары тершендік адамдарға
 - Профузды іш өтуде
 - Жүректік декомпенсациямен
 - Қантты диабетпен ауыратындарға
 - Құрғақ жарық жерде орналасқанда
12. Шынайы лейкоцитурияның негізгі себебі...
- Қосалқылардың қабыну ауруы.
 - Жыныс бездерінің қабыну аурулары.
 - Жатырдың қабыну аурулары.
 - Бүйректің тостағанша-түбекше жүйесінің қабынуы .
 - Қуықтың қабыну аурулары .
13. Науқас А 28 жаста, бел аймағында ұстама тәрізді ауырсыну пайда болды. Зәрдің кідіруі, ісіну дамыды. Пастернацкий симптомының айқын оң мәнділігі:
- бүйрек тас ауруында
 - гломерулонефритте
 - паранефритте
 - радикулитте
 - пиелонефритте
14. бүйрек пальпацияланбайды:
- бүйрек үлкейгенде
 - 1 дәрежелі нефроптозда
 - бүйректе көлемді киста пайда болғанда
 - 2 дәрежелі нефроптозда
 - гломерулонефритте
15. Вазоренальды артериальды гипертензия информативті:
- УЗИ бүйрек скintiграфия
 - сцинтиграфия бүйрек
 - бүйректік ангиография
 - УЗИ бүйрек артериялары
 - бүйректі рентгенологиялық зерттеу
16. Шынайы лейкоцитурия болмайды:
- Кольпитте
 - Пиелонефритте
 - Циститте
 - Пиелитте
 - Гломерулонефритте
17. Клиникалық хаттамаға сәйкес созылмалы бүйрек жетіспеушілігі кезінде қолдануға болатын антигипертензивті дәрі-дәрмек:
- гидрохлортиазид (гипотиазид)
 - азаметония бромид (пентамин)
 - нифедипин
 - метилдопа
 - спиронолактон
18. Клиникалық хаттамаға сәйкес преренальді жіті бүйрек жетіспеушілігінің себебі:
- дегидратация
 - жүрек шығарымының күшеюі

QONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 25 беті

- C. гипervолемия
- D. гипертониялық криз
- E. жатыр мойынының катерлі ісігі

19.19 жастағы науқаста тұмаудан кейін тұрақты макрогематурия, еңтігу, қан түкіру пайда болған. Кеуде клеткасының рентгенограммасында – екі жақты симметриялы диссеминирленген ошақ анықталған. 2 апта көлемінде науқастың жағдайы нашарлаған, қандағы креатинин мөлшері 3,7мг% жоғарылаған. Клиникалық хаттамаға сәйкес тағайындалатын препарат:

- A. фурасемид
- B. офлоксацин
- C. фуромаг
- D. преднизалон
- E. актовегин

20.24 жастағы науқасты бас ауыру, шөлдеу, жүрек айну, құсу, мұрыннан қан кету, әлсіздік, таблеттің төмендеуі мазалаған. 10 жылдан бері ауырады. Объективті: бозғылт, терісінде қасыған іздері бар, ұрғылау симптомы екі жақта да оң. АҚ - 180/100 мм с.б.б. ЖСЖ - 100 рет/мин. Қанда: Нв–96 г/л, эр.–2,8 млн., лейкоц.-8,2 мың., ЭТЖ 35 мм/ч, мочевиная–16 ммоль/л, креатинин – 0,250 ммоль/л. Зәрде: сал тығ -1005, белок-4,5 г/л, лейкоц. – 8-12 к.а., эритроцит. – 20-25 к.а. Клиникалық хаттамаға сәйкес тиімді емдеу тактикасы:

- A. гемодиализ жүргізу
- B. плазмаферез тағайындау
- C. антибиотик тағайындау
- D. антикоагулянт енгізу
- E. перитонеальді диализ жүргізу

8 вариант

1. Науқас А, 68 жаста, жеңіл күш түскен кезде еңтігуге, қақырықты жөтелге шағымданады, цемент зауытында 20 жыл жұмыс істеді. Аускультативті дем шығаруы ұзартылған, құрғақ ызылдаған сырылдар. ФДШК₁ (ОФВ) 65%. Рентгенографиялық диффузды күшейту, өкпе пішінінің деформациясы, ұсақ түйін фиброзы. Сіздің диагнозыңыз қандай?

- A. СОӨА жеңіл дәрежесі өршуі ТЖ
- B. СОӨА ауыр дәрежесі өршуі ТЖ II
- C. Силикоз I кезең СОӨА . өршуі ТЖ II
- D. СОӨА ауыр дәрежесі өршуі ТЖ III-
- E. СОӨА орташа дәрежесі өршуі ТЖ II

2. 49 жастағы науқас түнде тыныс шығару қиындықтарымен тұншығу ұстамаларына шағымданады; ысқырықты сырылдар алыстан естіледі. Объективті: аускультация кезінде, патологиялық шуылсыз везикулярлы тыныс. Тыныс алу саны минутына 19 құрайды. Бронхоскопиямен, жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабығының ісінуі және гиперемиясы. ФГДС кезінде: гиперемия, өңештің төменгі үштен бір бөлігінің айналасындағы эрозия. Бронхиалды обструкцияның себебі неде:

- A. Бронх демікпесі
- B. Трахеобронхиальды дискинезия
- C. Жүрек демікпесі
- D. Гастроэзофагеальді рефлюкс ауруы
- E. Паразитоз

3. Пневмония нозокомиалді (госпиталды) болып саналады, егер де ол ... диагностикаланған болса.

- A. стационарға түскен кезінде
- B. стационардан шыққан соң

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 26 беті

- C. госпитализациядан 2-3 немесе одан да көп күн өткеннен кейін
D. стационарға түскен мезетте
E. ауруханадан шыққан соң 1 аптадан кейін
4. Біріншілік өкпе эмфиземасының дамуының негізгі патогенетикалық механизмі:
A. тыныс алу жүйесінің жігі аурулары
B. бронх-өкпе аппаратының созылмалы аурулары
C. тыныс алу аппаратының функционалдық артық күш жұмсауы
D. өкпенің эластикалық тінінің жасына сай инволюциясы
E. α1- антитрипсиннің тапшылығы
5. Астматикалық статустың II сатысының маңызды белгісі болып табылады:
A. айқын цианоз
B. мойын көктамырларының пульсациясы
C. тахикардия
D. тыныс алудың қаттылығы
E. тыныс шуларының болмауы
6. Клиникалық хаттамаға сәйкес созылмалы бронхитті антибиотикпен емдеуге қажет жағдай:
A. күз-қыс мезгілінде
B. қақырық іріңді болса
C. ұзақ уақыт болса
D. мүлдем қолданудың қажеті жоқ
E. қантүкіру пайда болса
7. 65 жастағы ер адам, 3 жыл бұрын миокард инфарктін басынан өткізген. Ендікпенің күшейюіне шағымданады. Тексергенде: ЭТЖ 65 мм/сағ. Рентгенде: плевральды сұйықтық анықталған. Пункция кезінде 500 мл сұйықтық шығарылды. 2 күннен кейін қайтадан плевра қуысына сұйықтық жиналған. Диагнозды нақтылау үшін ақпараттық зерттеу болып табылады:
A. компьютерлік томография
B. трансбронхиальды пункция
C. экссудатты цитологиялық зерттеу
D. онкологиялық маркерлерге тексеру
E. магнитті-резонансты томография
8. Дауыс дірілінің әлсіреуі келесі жағдайда кездеседі:
A. пневмонияда
B. өкпе ателектазында
C. өкпе инфарктісінде
D. гидроторакста
E. өкпе ісігінде
9. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы бар ер кісінде өлімге ықтимал әкелген асқынуы:
A. спонтанды пневмоторакс
B. пневмония
C. экссудативті плеврит
D. жедел тыныс жетіспеушілігі
E. өкпе артериясының ұсақ бұтақтардың тромбоэмболиясы
10. Тыныс жеткіліксіздігінің дәрежесін анықтау үшін ақпаратты:
A. қанда газ құрамын анықтау
B. науқастың шағымдары мен анамнезі
C. спирографиялық зерттеу
D. рентгенологиялық зерттеу
E. науқасты физикалық тексеру

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 27 беті

11. Анурия – бұл...
 - A. Зәр бөлудің мүлдем тоқтауы немесе тәулігіне 50 мл зәр бөлу
 - B. Жиі зәр бөлу
 - C. Күндізгі тәулікте зәр бөлудің тоқтауы
 - D. Зәрде өзгерістердің болмауы
 - E. Аз порциямен зәр бөлу
12. Шынайы лейкоцитурия болмайды:
 - A. Пиелонефритте
 - B. Циститте
 - C. Пиелитте
 - D. Кольпитте
 - E. Гломерулонефритте
13. Ұстамалы түрде бастың ауыруы, жүрек қағуы, дененің дірілдеуі, физикалық жүктемемен, секірумен байланысты АҚ жылдам көтерілуі байқалса - бұл:
 - A. феохромоцитома кезінде симптоматикалық артериалық гипертонияның болуы
 - B. бүйрек эклампсиясы белгілері
 - C. жіті солқарыншалық жеткіліксіздігі (өкпе ісінуі)
 - D. артериалық гипертензия кризі кезінде
 - E. бүйректік артериалық гипертония белгілері
14. Аддис – Каковский сынамасының қалыпты деңгейі:
 - A. эритроциттер 2 млн, лейкоциттер 1 млн, цилиндрлер 10000
 - B. эритроциттер 500000, лейкоциттер 4 млн
 - C. эритроциттер 4 млн, лейкоциттер 500000
 - D. эритроциттер 1 млн, лейкоциттер 2 млн, цилиндрлер 20000
 - E. эритроциттер 1 млн, лейкоциттер 1 млн
15. Зимницкий бойынша 1010 -1012 тығыздығы
 - A. никтурия
 - B. гипоизостенурия
 - C. полиурия
 - D. протеинурия
 - E. поллакурия
16. Эритроцитурия және гематурия тән:
 - A. Циститке
 - B. Пиелонефритке
 - C. Гломерулонефритке
 - D. Уретритке
 - E. Қуықтың қабыну ауруларына
17. Клиникалық хаттамаға сәйкес несеппен бірге калий экскрециясы ... мөлшерімен анықталады.
 - A. шумақшалық сүзілу
 - B. калийдің проксимальді реабсорбция
 - C. калийдің проксимальді секрециясы
 - D. калийдің дистальді реабсорбциясы
 - E. калийдің дистальді секрециясы
18. Клиникалық хаттамаға сәйкес бүйректің концентрациялық қабілетін зерттеу үшін жүргізілетін сынама:
 - A. Реберг
 - B. Нечипоренко
 - C. Адиис-Коковский

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-2025
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		40 беттің 28 беті

D. Зимницкий

E. Преднизолон арқылы

19. 25 жастағы науқас шат аралық ауырсынуға, оның сегізкөз және бел аймағына берілуіне шағымданады. Дене температурасы 39,5С. Зәр шығару қиындаған, ауырсынады. Клиникалық хаттамаға сәйкес тексерудегі келесі әдіс:

A. бүйректің компьютерлі томографиясы

B. экскреторлық урография

C. бүйрек биопсиясы

D. бүйрек ангиографиясы

E. бүйрек сцинтиграфиясы

20. 27 жастағы науқас әйел, жүйелі склеродермиямен төрт жылдан бері ауырады. Бел аймағының ауырсынуына, бас айналуы, тәбетінің және еңбекке қабілетінің төмендеуіне, ұйқысының бұзылуына, жүрек айнуы мен құсуға шағымданады. Объективті: жалпы жағдайы ауыр. Тері жамылғысы қуқыл, «қасыну» іздері бар. Өкпесінде әлсіреген везикулалық тыныс, бірен-саран құрғақ сырылдар. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Қан анализінде: эрит. $2,3 \times 10^{12}/л$, Нв 90г/л, мочевины 25ммоль/л; креатинині 742 мкмоль/л; калий 6,4 ммоль/л. Несеп анализінде: салыс.тығ. 1010, белок 4,5г/л, лейкоц. 15-17 к/а, эрит. 3-5 к/а. Клиникалық хаттамаға сәйкес осы клиникалық жағдайды емдеудің тиімді тәсілі:

A. Плазмаферез

B. Гемодиализ

C. Гемоферез

D. Бүйрек трансплантациясы

E. Перитонеальді диализ

9 вариант

1. Науқас В., 37 жаста, 4 жылдан бері бронх демікпесімен ауырады. Астмалық ұстамаларды вентолинмен, преднизолонмен күніне 10 мг дозасымен басады. Экспираторлық ағынның шыңы 55% құрайды. Тексеру кезінде - ортопноэ, аускультация кезінде - барлық өкпе алаңында ысқырықты құрғақ сырылдар, тыныс алу жиілігі - минутына 28, ЖСЖ - 92 рет минутына, АҚ 130/90 мм рт. Соңғы сағат ішінде науқас Вентолинмен ингаляторды үш рет қолданды. Науқасты жүргізудің қандай тактикасы ең қолайлы?

A. Теофиллин peros, серетид 500 мкг

B. Эуфиллин 2,4% 10 мл к/т., вентолин

C. Преднизолон к/т 120-90 мг дозада

D. Вентолин небулайзер арқылы, бередуал

E. Беротекпен, вентолинмен ингаляция

2. Анамнезде қонақ үйлерде, пансионаттарда кондиционерлерді, душтарды қолдану; фебрильді қызба қатты интоксикациямен, жөтелмен, диареямен жүретін қызба; лимфоцитопениямен лейкоцитоз қандай пневмонияға тән:

A. Хламидийнді

B. Микоплазмнді

C. Легионеллезді

D. Пневмококкті

E. Стафилококкті

3. Егде жастағы науқастарда нозокомиалді пневмонияның жиі қоздырғышы болып табылады:

A. хламидия

B. микоплазма

C. пневмококк

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 29 беті

- D. клебсиелла
- E. жай герпес вирусы
- 4. Инволютивті өкпе эмфиземасының дамуының негізгі патогенетикалық механизмі:
 - A. α1- антитрипсиннің тапшылығы
 - B. өкпенің эластикалық тінінің деградациясы
 - C. тыныс алу жүйесінің жіті аурулары
 - D. бронх-өкпе аппаратының созылмалы аурулары
 - E. тыныс алу аппаратының функционалдық артық күш жұмсауы
- 5. Пневмоторакс пайда болған аймақтан перкуссия кезінде анықталады:
 - A. айқын тұйықталу
 - B. жоғары тимпанит
 - C. өзгерістердің болмауы
 - D. дыбыстың қысқаруы
 - E. ашық өкпелік дыбыс
- 6. Ауруханадан тыс пневмонияның қоздырғышы болып табылады:
 - A. стафилококк
 - B. гемофильді таяқша
 - C. көкіріңді таяқша
 - D. пневмококк
 - E. легионелла
- 7. 28 жастағы әйелде плевраның үйкеліс шуы естіледі. Рентгенде өзгерістер жоқ. Хаттамаға сәйкес болжам диагнозы:
 - A. жедел пневмония
 - B. плевраның эмпиемасы
 - C. құрғақ плеврит
 - D. экссудативті плеврит
 - E. бронхоэктаздық ауру
- 8. Көкірек аралық саркоидоз барысында лимфатүйін зақымдалуын анықтайтын ең тиімді тәсіл:
 - A. лимфатүйін биоптатын гистологиялық зерттеу
 - B. торакоскопия жасау
 - C. өкпені радиоизотоптық сканерлеу
 - D. кеуде кжастакасының томографиясы
 - E. сыртқы тыныс алу функциясын зерттеу
- 9. 23 жастаға ер кісі дене температурасының 39 С-қа дейін көтерілуін, аз мөлшерде қақырықпен жөтелді, кеуде кжастакасының ауырсынуын, әлсіздікті байқаған. Қанда: лейкоциттер 13х100/л., ЭТЖ 36 мм/сағ. Келесі зерттеуді тағайындау тиімді:
 - A. спирография
 - B. бронхоскопия
 - C. кеуде кжастакасының компьютерлік томографиясы
 - D. плевра қуысының ультрадыбыстық зерттеуі
 - E. кеуде кжастакасының рентгенографиясы
- 10. Физикалық күштемемен байланысты бронх демікпесін алдын алу үшін (күштемеден 15-30 минут алдында) қолданады:
 - A. Кромондарды
 - B. Бета- агонистерді
 - C. Ингаляциялық глюкокортикостероидтарды
 - D. Ксантин туындыларын
 - E. Лейкотриен рецепторлардың антагонистерін

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 30 беті

11. Ишурияға тән емес:

- A. Қуық жолдарының патологиясына байланысты зәр бөлудің бұзылуы
- B. Зәр каналының патологиясына байланысты зәр бөлудің бұзылуы
- C. Бүйрек паренхимасының патологиясына байланысты зәр бөлудің бұзылуы
- D. Жұлынның зақымдалуына байланысты зәр бөлудің бұзылуы
- E. Несеп ағардың зақымалуына байланысты зәр бөлудің бұзылуы

12. Эритроцитурия және гематурия тән:

- A. Циститке
- B. Пиелонефритке
- C. Уретритке
- D. Гломерулонефритке
- E. Қуықтың қабыну ауруларына

13. Бірінші дәрежелі нефроптозға тән:

- A. түрегеп тұрғанда бүйректің толық пальпациялануы
- B. жатқан адам бүйрегінің толық пальпациялануы
- C. бүйректің төменгі жағы пальпацияланады
- D. бүйректердің іш қуысының кез – келген жерінде пальпациялануы
- E. бүйректің жартысы пальпациялануы

14. Нефритке тән Реберг сынамасы нәтижесі:

- A. ШФ – 100 мл\мин, Р – 98%, МД – 2 мл
- B. ШФ – 120 мл\мин, Р – 60%, МД – 2 мл
- C. ШФ – 110 мл\мин, Р – 98%,
- D. ШФ – 50 мл\мин, Р – 99%, МД – 0,6 мл
- E. ШФ – 100 мл\мин, Р – 10%,

15. Бүйрек және несеп – жыныс мүшелерін рентгенлогиялық зерттеу

- A. ирригоскопия
- B. томография
- C. экскреторная урография
- D. хромоцистоскопия
- E. колоноскопия

16. Зәрдегі лейкоциттердің санауға келмейтін жағдайы тән:

- A. Лейкоцитурия
- B. Гиперлейкоцитурия
- C. Лейкоцитоз
- D. Пиурия
- E. Қуықтың қабыну ауруларына

17. Клиникалық хаттамаға сәйкес подагра кезінде бүйрек зақымдануының ең жиі морфологиялық нұсқасы:

- A. мезангиокапиллярлық нефрит
- B. фокальді-сегментарлық гиалиноз
- C. мембраноздық нефрит
- D. интерстициалдық нефрит
- E. экстракапиллярлық нефрит

18. Клиникалық хаттамаға сәйкес науқасқа фуросемидті тағайындауға негізсіз жағдай:

- A. созылмалы бүйрек жетіспеушілігінде
- B. жіті бүйрек жетіспеушілігінде
- C. созылмалы гемодиализ қабылдағанда
- D. жүректік ісінулерде

ONȚŪSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 31 беті

- Е. 48 сағат аралықта аталған затты енгізуге жауап болмағанда
19. Клиникалық хаттамаға сәйкес несеппен бірге калий экскрециясы ... мөлшерімен анықталады.
- шумақшалық сүзілу
 - калийдің проксимальді секрециясы
 - калийдің дистальді реабсорбциясы
 - калийдің проксимальді реабсорбция
 - калийдің дистальді секрециясы
20. Клиникалық хаттамаға сәйкес бүйректің концентрациялық қабілетін зерттеу үшін жүргізілетін сынама:
- Реберг
 - Нечипоренко
 - Адиис-Коковский
 - Зимницкий
 - Преднизолон арқылы

10 вариант

1. Науқас Б., 56 жаста, астма ұстамаларына шағымдары күніне 5-6 ретке дейін, көбікті шырышты қақырықпен жөтел, әр түнде тұншығу ұстамалары, әсіресе таңертең тыныштықта енгіту, аяқтарындағы ісінулер. Қарап тексергенде ТАЖ минутына 28 құрайды. Экспираторлық ағынның жоғарғы деңгейі - 52%. ЕҢ БЫҚТИМАЛ диагноз қандай?
- Бронх демікпесі, орташа дәрежесі, өршу, ТЖ II
 - Бронх демікпесі, ауыр ағым, өршу, ТЖ II
 - Бронх демікпесі, ауыр дәрежесі, өршу, ТЖ III
 - Созылмалы обструктивті бронхит, ТЖ II өршуі
 - Созылмалы обструктивті бронхит, ТЖ III өршуі
2. Науқас 16 жаста, техникалық мектептің оқушысы. Ол суық тиюдің салдарынан қатты ауырып қалды. Ол өзінен басқа топта тағы бірнеше адам ауырғанын атап өтті. Сары-жасыл қақырықпен ұстама тәрізді жөтелге, бұлшықет ауырсынуына, бас ауруына шағымданады. Жалпы жағдайы орташа ауырлық дәрежеде. Қатқыл тыныс, сырылдар жоқ. Жүректің ырғағы дұрыс, тондары тұйықталған. Бактериоскопия кезінде қақырықта стрептококк анықталған, қайта зерттеуде - Микоплазмапневмония. Рентгенограмма - өкпе өрнегінің күшеюі және қоюлануы, өкпенің төменгі бөліктерінде дақты қараю. Мүмкін диагноз:
- Пневмококктық пневмония
 - Жүрек шабуылының пневмониясы
 - Стрептококкты пневмония
 - Тұмаудың пневмониясы
 - Микоплазма пневмониясы
3. Бронхтық обструкция синдромы бар науқастарда енгігудің сипаты:
- инспираторлы
 - экспираторлы
 - аралас
 - экспираторлы- инспираторлы
 - аралас-инспираторлы
4. Экзокриндік жеткіліксіздік белгілерімен созылмалы панкреатит синдромы жиі келесі ауруының аясында дамиды:
- Даун синдромы
 - Марфан синдромы
 - біріншілік амилоидоз
 - муковисцидоз

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 32 беті

- Е. кіншілік амилоидоз
5. Қақпақшалық (клапанный) пневмоторкс кезінде қажет:
- наркотик енгізу
 - оттегі тағайындау
 - жедел түрде плевра қуысына ине енгізу
 - өкпенің жасанды желдендіруін жүргізу
 - гормондарды енгізу
6. Қысқа әсерлі селективті b2-адренорецепторларының агонистеріне жатады:
- изадрин
 - фликсотид (флутиказон)
 - сальбутамол
 - атровент (ипратропиум)
 - серевент (сальметерол)
7. 74 жастағы әйел жедел қиындаған тыныс алуға шағымданады. Жүрек ауруымен, эмфизема ауруымен ауырады. Түнде еңтікпенің күшеюінен оянып, алқызыл түсті қақырықты жөтел пайда болған. Тексергенде: ТАЖ 36 рет/мин, АҚҚ 200/100 мм.с.б.б., пульсі 100 рет/мин, дене температурасы 38С. Екі өкпенің де төменгі бөлігінде ылғалды сырылдар естіледі. Жүректің аускультация кезінде: тахикардия, «галоп» ырғағы естіледі. Рентген суретінде болуы ықтимал:
- екі жақты плевральды сұйықтық
 - көптеген ұсақ ошақтар «қарлы боран»
 - жүрек көлеңкесінің ұлғаюы, альвеолярлы суреттің екі жақты күшеюі
 - төменгі бөліктердегі екі жақты интенсивті инфильтраттар
 - сол жүрекше көлеңкесінің ұлғаюы, плевральды синустардағы сұйықтық
8. Стационарда бөліктік пневмония бойынша ем алып жатқан 42 жастағы науқаста аурудың 7-ші күні оң жақта жауырының бұрышынан төмен тыныс естілмейді. Науқаста дамыған асқыну:
- құрғақ плеврит
 - плевра эмпиемасы
 - экссудативты плеврит
 - бауырасты абсцесі
 - спонтанный пневмоторакс
9. Науқас 16 жас, техникумда оқиды. Тұмау ауру аясында дене температурасы жоғарлап, кеуде қжастақасында күйдіру сезімі, ұстама тәрізді жөтел сары жасыл түсті қақырықпен, бұлшық еттердегі ауырсынуы, бас ауру, сұықта аяқ-қол саусақтарында ауырсыну пайда болды. Топта бірнеше адам ауырғанын байқады. Физикальды тексеру барысында өкпеде қатқыл тыныс, оң жақта төменгі бөлігінде бір-ең сараң құрғақ сырылдар естіледі. Мүмкін болатын қоздырғыш:
- хламидия
 - клебсиелла
 - пневмококк
 - микоплазма
 - стафилококк
10. Біріншілік өкпе гипертензиясының даму себебі:
- зиянды газдар
 - темекі шегу
 - инфекция
 - өндірістік шаң тозаң
 - альфа1-антитрипсиннің жеткіліксіздігі
11. Поллакурия бұл ...
- Ауырсынумен зәр бөлу

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 33 беті

- B. Аздаған зәр бөлу
- C. Жиі зәр бөлу
- D. Зәр бөлудің тоқтауы (болмауы)
- E. Аз көлемде зәр бөлу
- 12. Зәрдегі лейкоциттердің санауға келмейтін жағдайы тән:
 - A. Лейкоцитурия
 - B. Гиперлейкоцитурия
 - C. Пиурия
 - D. Лейкоцитоз
 - E. Қуықтың қабыну ауруларына
- 13. Екінші дәрежелі нефроптозға тән:
 - A. бүйректің жартысы пальпациялануы
 - B. түрегеп тұрғанда бүйректің толық пальпациялануы
 - C. жатқан адам бүйрегiнiң толық пальпациялануы
 - D. бүйректердің іш қуысының кез – келген жерінде пальпациялануы
 - E. пальпацияланбайды
- 14. Пиелонефритке тән Реберг сынамасы нәтижесі:
 - A. ШФ – 100 мл\мин, Р – 98%, МД – 2 мл
 - B. ШФ – 50 мл\мин, Р – 99%, МД – 0,6 мл
 - C. ШФ – 110 мл\мин, Р – 98%,
 - D. ШФ – 120 мл\мин, Р – 60%, МД – 2 мл
 - E. ШФ – 100 мл\мин, Р – 10%,
- 15. Оң мықын аймағында несепағар бойына иррадиация беретін қатты ауру
 - A. гломерулонефрит
 - B. пиелонефрит
 - C. цистит
 - D. несеп тас ауруы
 - E. бүйрек амилоидозы
- 16. Клиникалық хаттамаға сәйкес нефротикалық синдромның маңызды диагностикалық белгісі:
 - A. ісінулер
 - B. сарсулы альбумин 30 г/л төмен
 - C. гиперхолестеринемия
 - D. гиперкоагуляция
 - E. тәулігіне 3,5 жоғары протеинурия
- 17. Клиникалық хаттамаға сәйкес нефроптозға тән емес клиникалық көрініс:
 - A. физикалық жүктемемен байланысты гематурия
 - B. емделушілердің астениялық дене бітімі
 - C. нейровегетативті бұзылулар
 - D. бүйрек шаншулары
 - E. бүйрек тұсының сыздап ауысынуы
- 18. Клиникалық хаттамаға сәйкес ренальді анемиямен ауыратын науқастарға анемияға қарсы қолданылатын тиімді препарат:
 - A. сорбифер
 - B. феррумлек
 - C. космофер
 - D. аспаркам
 - E. рекармон
- 19. 15 жастағы жігіт баспамен ауырғанан екі аптадан кейін бетінің ісінуіне, бас ауруына

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-2025
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		40 беттің 34 беті

шағымданады. Үш күн аралығында диурездің азаюын анықтады. Қарап тексергенде бетінің ісінуі, АҚ 140/100 мм с.б. Зәр анализінде – протеинурия – 0,99 г/л, эритроциттер 10 көру аймағында. Клиникалық хаттама бойынша осы жағдайда артериалдық гипертензияны төмендету үшін тағайындалатын препарат:

- A. фуросемид
- B. капотен
- C. верапамил
- D. амлодипин
- E. спиронолактон

20. 36 жастағы науқаста гломерулонефрит қарқынды үдеуде. Бір ай көлемінде креатинин мөлшері едәуір жоғарылаған және шумақтық фильтрация жылдамдығы төмендеген. АҚ қалыпты деңгейде. Екі кун бұрын өкпелік қан кетуді гемостатиктермен қалыпка келтірген. Отоларингологиялық өзгерістер анықталмаған. Өкпелердің рентген көрінісінде екі өкпе аймағында деструкциялық өзгерістерсіз ошақты инфильтрация белгілері анықталды. Клиникалық хаттамаға сәйкес емдеу бағдарламасына ... енгізу қажет.

- A. глюкокортикоидтарды
- B. антибиотиктерді
- C. уросептиктерді
- D. цитостатиктерді
- E. аминохинолондарды

11 вариант

1. Бронх демікпесі ұстамасы мен астматикалық статустың мәртебесінің бірінші сатысы арасындағы дифференциалды диагнозды жүргізу кезінде ең сенімді белгі:

- A. Айқын цианоз
- B. Бета-агонистерге төзімділік
- C. Экспираторлы тұншығудың ауырлық дәрежесі
- D. Науқастың мәжбүрлі жағдайы
- E. Аминофиллинді көктамыр ішіне енгізудің тиімсіздігі

2. Казармада тұратын 19 жастағы әскери қызметкер құрғақ жөтелге, қалтырауға, дене қызуының 38-ге дейін жоғарылауына, артралгия мен миалгияға шағымданады. Рентгенограммада оң жақ өкпенің төменгі бөліктерінде айқын емес шегаралы оюлар анықталды. Пенициллинмен және цефалоспоринмен емдеу нәтиже берген жоқ. Төменде көрсетілген препараттардың қайсысын науқасқа тағайындау керек:

- A. Имипинем
- B. Амоксиклав
- C. Азитромицин
- D. Цефуроксим
- E. Гентамицин

3. Пролонгирленген әсері бар β_2 -агонистер:

- A. сальметерол
- B. сальбутамол
- C. беротек
- D. вентолин
- E. интал

4. Тот басқан қақырық неғұрлым тән:

- A. крупозды пневмонияға
- B. созылмалы пневмонияға

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 35 беті

- C. муковисцидозға
- D. өкпе артериясы тармағының тромбоэмболиясына
5. Ашық және қақпақшалық пневмоторакс кезінде естіледі:
- A. бронхиалды тыныс
- B. крепитация
- C. тыныстың айқын әлсіреуі немесе жоғалуы
- D. сырылдардың барлық түрлері
- E. құрғақ сырылдар
6. Қысқа әсерлі селективті емес b2-адренорецепторлардың агонистеріне жатады:
- A. сальбутамол
- B. фликсотид (флутиказон)
- C. изадрин
- D. атровент (ипратропиум)
- E. серевент (сальметерол)
7. Өкпе ісінуі кезінде жиі кездесетін жөтелдің түрі:
- A. үзілісті, «үрген» тәрізді, ауыз толтыра қақырықпен
- B. ұстама тәрізді, құрғақ, ауырсынумен
- C. ауырсынумен, құрғақ, жылдам
- D. сырыл тәрізді, көп көлемді алқызыл, көпіршікті қақырықпен
- E. сырыл тәрізді, дыбыссыз
8. 69 жасар ер науқас 3 жыл бұрын миокард инфарктысын өткерген. Үдемелі елтіруге шағымданады. Тексергенде: ЭТЖ 75 мм/сағ. Рентгенде: плевралды сұйықтық анықталған. Плевралды пункция кезінде 700 мл сұйықтық алынды. 2 күннен кейін плевра қуысында сұйықтық қайта жиналуы байқалады. Диагнозды нақтылау үшін ақпаратты әдіс:
- A. трансбронхиалды пункция
- B. онкомаркерларға зерттеу
- C. экссудаттың цитологиялық зерттеуі
- D. магнитты резонансты томография
- E. компьютерлі томография
9. Науқас Т. 67 жаста, маскүнем және көп шылым шегеді. Салқын тиюден кейін ауыр жағдайда келесі шағымдармен ауруханаға түсті: кеуде кжастақасының сол жағының ауырсынуы, шырышты-іріңді қақырықпен жөтел, айқын елтігу. Қарап тексергенде науқас тынымсыз, тері жамылғысы жер түстес, ТАЖ 36 рет минутына. Аускультацияда өкпеде сол жаурын асты аймағында ылғалды сырылдар естіледі. Жүрек тондары түйікталған, ЖСЖ 104 рет минутына, АҚҚ 110/70 мм сын.б.б. Рентгенограммада сол өкпенің төменгі бөлігінің массивті инфильтрациясы анықталды. Науқаста дамыған асқыну:
- A. миокардит
- B. өкпе артериясының эмболиясы
- C. тыныс жеткіліксіздігі
- D. инфекциялық-токсикалық шок
- E. ересектердегі респираторлық дистресс-синдромы
10. 55 жасар науқаста кеуде кжастақасының оң жақ бөлігі тыныс алғанда қалыңқы, 3 қабырғадан төмен өкпелік дыбыстың түйікталуы, осы жерде тынысы және бронхофония әлсіреген, рентгенологиялық зерттеуде: жүрегі солға ығысқан. Хаттамаға сәйкес болжам диагнозы:
- A. Ателектаз
- B. Крупозная пневмония
- C. Пневмоцирроз
- D. Пневмоторакс

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 36 беті

- Е. Эксудативті плеврит
11. Никтурия бұл...
- А. Күндізгі диурездің көбеюі
- В. Жиі зәр бөлу
- С. Түнгі зәрдің күндізгіден көп болуы
- Д. Ауырсынумен зәр бөлу.
- Е. Жиі ауырсынумен зәр бөлу
12. Зәрдің физикалық қасиетіне жатпайды:
- А. Көлемі
- В. Түсі
- С. Реакция
- Д. Салыстырмалы тығыздығы
- Е. Иісі
13. Үшінші дәрежелі нефроптозға тән:
- А. жатқан адам бүйрегінің толық пальпациялануы
- В. бүйректердің іш қуысының кез – келген жерінде пальпациялануы
- С. түрегеп тұрғанда да жатқанда да бүйректің толық пальпациялануы
- Д. бүйректің жартысы пальпациялануы
- Е. пальпацияланбайды
14. Нечипоренко сынамасы үшін:
- А. жарты тәуліктік зәр жиналады
- В. бір бөлінген зәрдің бәрі
- С. зәрдің ортаңғы бөлігі алынады
- Д. тәуліктік зәр жиналады
- Е. зәрдің соңғы бөлігі
15. Пиелонефритте тәуліктік сұйықтық мл
- А. 500
- В. 1000
- С. 1500
- Д. 2500
- Е. 750
16. Клиникалық хаттамаға сәйкес ересектердегі нефротикалық синдромның ең жиі себебі:
- А. минимальді өзгерістер
- В. IgA нефрит
- С. пиелонефрит
- Д. мембранозды нефрит
- Е. цистит
17. 73 жастағы емделушіде сарсудың натрийі 170 ммоль/л. Аталған жағдайда гипернатриемияның ықтимал себебі:
- А. тұзды аспен бірге жоғары пайдалану
- В. уремия
- С. антидиуретикалық гормонның пропорционалды емес өндірілуі
- Д. дегидратация
- Е. диуретиктердің артық мөлшері
18. Клиникалық хаттамаға сәйкес жүктілерде гипертонияны емдеу үшін тандамалы препарат:
- А. амлодипин
- В. берлиприл
- С. фурасемид

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 37 беті

D. нитроглицерин

E. метилдопа

19. Пиелонефритте тәуліктік сұйықтық мл

A. 500

B. 2500

C. 1000

D. 1500

E. 750

20. Науқас күндіз 700 мл ал түнде 1200 мл несеп бөлді. Бұл

A. дизурия

B. поллакиурия

C. полиурия

D. никтурия

E. олигурия

12 вариант

1. Қатты жөтелден кейін бронхоэктазбен ауыратын науқаста кенеттен оң жақ кеуде аймағында ауырсыну, ентігу пайда болды. Қарап тексергенде кеуде қуысының оң жақ жартысында тыныс алудың артта қалушылығы және қабырға аралықтарының ісінуі, перкуссияда - тимпанит анықталды. Науқаста дамыған асқыну:

A. Өкпе ателектазы

B. Өкпе инфарктісі

C. Пневмоторакс

D. Өкпенің эмфиземасы

E. Экссудативті плеврит

2. Бронх демікпесімен ауыратын 22 жасар науқас жедел жәрдем бөліміне түсті. Объективті: қозған, дене қызуы 36,7С, ЖСЖ - минутына 120 рет, тыныс алу жиілігі - минутына 24. Аускультацияда: тынысы күрт әлсіреген, бірен-саран құрғақ сырылдар. Анамнезінен: бір тәулік ішінде ол 10-нан астам Berotek ингаляциясын қабылдаған, нәтижесіз. Жедел жәрдем дәрігері көк тамырға 10 мл аминофиллиннің 2,4% ерітіндісін енгізді. Төтенше жағдайдың алғашқы қадамы қандай:

A. Симпатомиметиканың дозасын арттыру

B. Регидратациялау

C. Аминофиллин дозасын жоғарылату

D. Кортикостероидтарды қолдану

E. Өкпені жасанды желдету

3. Бородуал - бұл

A. адrenomиметик

B. адrenomиметик пен холинолитиктың комбинациясы

C. холинолитик

D. метилксантин

E. гормоналді ингалятор

4. Крупозды пневмонияның алғашқы 2 күнінде қабыну аймағы үстінде анықталатын перкуторлық дыбыс:

A. төмендеген перкуторлы дыбыс

B. абсолютті тұйық

C. өзгеріссіз

D. қысқарған тимпаникалық дыбыс

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 38 беті

Е. ашық өкпелік

5. Өкпеден қанкету симптомына қарағанда қанқақыру симптомына тән:

- A. меленаниң болуы
- B. қанның түсі қанық қызыл
- C. жиі естен тану
- D. көпіршікті қан
- E. қызба

6. Ингаляциялық кортикостероидтарға жатады:

- A. изадрин
- B. сальбутамол
- C. атровент (ипратропиум)
- D. фликсотид (флутиказон)
- E. серевент (сальметерол)

7. Шылым шегетін, созылмалы жөтел мен еңтігу 20 жыл аса мазалаған 46 жастағы науқаста айына 3-4 рет тұншығу ұстамасы пайда болған. Өкпе рентгенографиясында: бронхиальды сүретінің күшеюі, эмфизема анықталған. Ажыратпалы диагностиканы жүргізу үшін тиімді тағайындау:

- A. торакоскопияны
- B. диагностилық бронхоскопияны
- C. спирографияны
- D. кеуде кжастаканың рентгенографиясын
- E. кеуде кжастаканың ағзаларының компьютерлік томографиясын

8. 35 жастағы ер адам 2 жылдан бері бронхиальді демікпемен ауырады. Демікпе ұстамасы беротекпен басылады, гормонға тәуелді. Тыныс шығарудың жылдамдық шыңы 66%. Қарап тексергенде: тыныштықтағы еңтікпе, аускультацияда өкпенің барлық аймағында естіжастаін ысқырықты құрғақ сырылдар. Соңғы бір сағат ішінде беротекті 3 рет қолданды. Тиімді емдеу тактикасы:

- A. теofilлин per os
- B. эуфиллин 2,4% 10 мл күре тамырға
- C. преднизолон 30-60 мг күре тамырға
- D. вентолин небулайзер арқылы
- E. беротекпен ингаляцияны жалғастыру

9. 25 жастағы әйел жанұялық дәрігерге шырышты іріңді қиын бөлінетін қақырықты жөтелге, дене қызуының 37С көтерілуіне шағымданып қаралды. Суықтаудан кейін жедел ауырған. Жауырын аралық аймақтың сол жағынан құрғақ сырылдар естіледі. Жалпы қан анализінде өзгеріссіз. Науқастың 8-10 апталық мерзімді жүктілігін ескере отырып клиникалық хаттама бойынша келесі емді тағайындаған барынша тиімді:

- A. ципрофлоксацинді
- B. метрогил, гентамицинді
- C. амоксиклав, бронхолитинді
- D. лазолванды, жылы сұйықтықты ішу
- E. бромгексин, тетрациклинді

10. 56 жастағы науқас айқын еңтігуге, қиын бөлінетін қақырықты жөтелге, жүрек тұсындағы ауырсынуға шағымданады. Көп жылдан бері өкпенің созылмалы обструктивті аурумен ауырады. Объективті: мойын веналарының ісінуі, аяқтары ісінген, жүрек шекаралары кеңейген. Аускультацияда: шашыранды құрғақ сырылдар, өкпе сабауында 2-ші тонның акценті. Жоғарыда аталған симптомдардың себебі:

- A. Өкпе артериясының тромбоэмболиясы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		51/11-2025 40 беттің 39 беті

- B. Миокард инфарктысы
- C. Миокардит
- D. Перикардит
- E. Созылмалы өкпе-текес жүрек
- 11. Протеинурия – бұл...
 - A. Зәрде тұздың болуы
 - B. Зәрде қанның болуы
 - C. Бұлыңғыр және ашық реңді зәр
 - D. Зәрде белоктың болуы
 - E. Зәрде цилиндрдің болуы
- 12. Рениннің түзілетін орны:
 - A. Ұйқы безінің Лангерганс аралшығы
 - B. Бүйректің каналды аппараты
 - C. Бауырдың купферов жасушалары
 - D. Бүйректің юктагломерулярлы аппараты
 - E. Бүйрек үсті безі
- 13. Нефроптоз дәрежесін анықтау:
 - A. жатқан адамды пальпациялау арқылы
 - B. Пастернацкий симптомы арқылы
 - C. Образцов – Стражеско әдісімен пальпациялау арқылы
 - D. Боткин қалпында
 - E. тек бүйрек УДЗ арқылы
- 14. Аддис – Каковский сынаамасы нәтижесінің ... нефритке тән:
 - A. эритроциттер 2 млн, лейкоциттер 1 млн, цилиндрлео 10000
 - B. эритроциттер 500000, лейкоциттер 4 млн
 - C. эритроциттер 1 млн, лейкоциттер 2 млн, цилиндрлео 20000
 - D. эритроциттер 4 млн, лейкоциттер 500000
 - E. эритроциттер 1 млн, лейкоциттер 1 млн
- 15. Наукас күндіз 700 мл ал түнде 1200 мл несеп бөлді. Бұл
 - A. дизурия
 - B. поллакиурия
 - C. полиурия
 - D. никтурия
 - E. олигурия
- 16. Клиникалық хаттамаға сәйкес жіті бүйрек жетіспеушілігінің ең жиі асқынуы:
 - A. артериалдық гипертензия
 - B. гипокалиемия
 - C. жүректің іркілмелік жеткіліксіздігі
 - D. жіті бактериялық жұқпалар
 - E. екіншілік гиперпаратиреоз
- 17. Клиникалық хаттамаға сәйкес созылмалы бүйрек жетіспеушілігімен ауыратын науқасты гемодиализге шұғыл жіберу үшін көрсеткіш:
 - A. метаболикалық ацидоз
 - B. айқын олигурия
 - C. жоғары гиперкалиемия
 - D. анасарка
 - E. ауыр гипертензия
- 18. Клиникалық хаттамаға сәйкес жіті және созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі кезінде қолдануға

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		51/11-2025
«Ішкі аурулар - 1» пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары		40 беттің 40 беті

болатын препарат:

- A. алюгастрин
- B. рекармон
- C. гентамицин
- D. тиенам
- E. аспаркам

19. Науқас 28 жаста. Бел аймағында ұстама тәрізді ауырсынудың болуына, зәрдің кідіріп қалуына және ісінуге шағымданады. Пастернацкий симптомы оң болады:

- A. Бүйрек тас ауруы
- B. диабеттік нефропатия
- C. циститте
- D. простатитте

20. Клиникалық протоколға сәйкес, пиелонефриттің бүйректің басқа интерстициальды зақымдалуынан айрықша белгілері:

- A. Бүйрек тостағаншасында нейтрофильді инфильтрация және ісінудің болуы
- B. Зәр каналының дисфункциясы зәр ацилизациясының бұзылуымен
- C. Тұрақты артериальды гипертензия
- D. Артериальды гипотензияның дамуы бүйректің тұз жоғалту
- E. Айқын түрдегі уремиялық интоксикация

Дұрыс жауаптар эталоны

№	1вар	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Д	В	В	В	Е	С	Д	С	С	С	В	С
2	Д	Д	Д	С	А	Д	Д	Д	С	Е	С	Д
3	Б	С	А	Д	С	Д	Е	С	Д	В	А	В
4	С	Д	В	Д	Е	Е	С	Е	В	Д	А	Д
5	С	А	Д	С	С	В	А	Е	В	С	С	Д
6	Б	А	Д	Д	Д	Д	Д	В	Д	С	С	Д
7	Д	С	С	Д	Д	А	В	С	С	С	Д	С
8	Б	А	Е	Д	Д	А	С	Д	А	С	С	С
9	Д	В	А	Д	С	Д	С	Д	Е	Д	С	Д
10	С	С	А	С	В	А	Д	А	В	Е	Е	Е
11	Д	Д	С	Е	В	Д	Д	А	С	С	С	Д
12	Д	Е	А	А	В	А	Д	Д	Д	С	С	Д
13	В	А	В	А	С	В	С	В	С	В	С	С
14	Б	А	Д	Д	С	А	Е	Д	Д	Д	С	Д
15	С	С	С	Д	С	Д	С	В	С	Д	Д	Д
16	Б	Е	Е	Е	Е	Е	А	С	Д	Е	Д	Д
17	А	Е	А	А	А	С	С	В	Д	Д	Д	С
18	А	В	С	Д	В	А	А	Д	Е	Е	Е	В
19	А	А	В	Д	Д	С	Д	В	Д	А	В	А
20	С	А	Е	А	Е	А	А	В	Д	А	Д	А